

Балалар әдебиетінің бәйтерегі



Б.Өгешов атындағы үлгілі балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақтың көрнекті жазушысы, балалар әдебиетінің клас­сигі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты республикалық телемост ұйымдастырылды. Республикалық онлайн телемостқа еліміздің табиғаты бай, сұлу өлкелердің бірі әрі бірегейі, Жоңғар шапқыншылығы кезінде елімізді азат ету жолында күрескен әйгілі батыр Райымбек бабамыздың атымен аталатын ақынның туған жері Алматы облысы, Райымбек ауданы, қойнауы қазынаға толы, мыс шахары кеншілер мекені Ұлытау облысы Жезқазған қаласы ерке толқыны жағаға ұрып, балығы тайдай тулаған, көкше көлдің теріскейіндегі Орталық Қазақстанның жауһары атанған – Балқаш қаласы мен ауданымыздағы мектеп оқушылары мен ұстаздары қатысты. Қаламы қарымды қаламгердің өмірі мен отбасы жайлы туған жері Алматы облысы, Райымбек ауданы, Райымбек аудандық кітапханасының басшысы Қымбат Нұрданбекқызы сөз алып, ақынның кіндік қаны тамған жерде ұйымдастырылып жатқан игі іс-шаралар жайлы айта кетіп, тағылымы мол бейнебаян ұсынды. Жезқазған қалалық балалар және жасөспірімдер кітапханасының әдіскері Гүлжан Жолаушықызы бүтіндей бір дәуір келбетін қайталанбас суреттер, айшықты баяндаулар арқылы көз алдымызға әкелген Бердібек жайлы бір үзік ой қозғады. Белгілі жазушының өміршең шығармалары жайлы «С.Сейфуллин атындағы ОКЖ» КММ «Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің» меңгерушісі Құралай Насриддинова «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Көсемсөз шеберінің артында қалған өшпес мұрасы жайлы «Толғанысқа толы ғұмыр» атты инворм –ревью мен Балқаш қаласының А.Гайдар атындағы орталық қалалық балалар кітапханасының кітапханашысы Лаззат Кәрібайқызы Балқаш қаласында ұйымдастырылған іс-шаралар жайлы айтып өтті. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, қайталанбас майталман, балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевқа арналған рухани кездесу кешінің өтуіне мұрындық болған Алматы, Балқаш, Жезқазған қаласындағы әріптестерімізге алғысымыз шексіз.

Нүргүл ЕСТАЕВА,
кітапханашы